

Ақсу қаласының аумағын көріктендіру Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2010 жылғы 29 қазандағы N 243/29 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 03 желтоқсанда N 12-2-157 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 83/10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 07.12.2012 N 83/10 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3-бабының 2 тармағына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Ақсу қаласының аумағын көріктендіру Ережелері бекітілсін.
2. Ақсу қалалық мәслихатының 2010 жылғы 6 қыркүйектегі "Ақсу қаласының аумақтарын көріктендіру Ережелерін бекіту туралы" N 229/27 шешімінің күші ж о й ы л с ы н .
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрайымы

Г. Валеулина

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Омарғалиев

Ақсу қалалық мәслихатының
(IV сайланған XXIX сессиясы)
2010 жылғы 29 қазандағы
N 234/29 шешімімен
бекітілген

Ақсу қаласы аумақтарын көріктендіру Ережелері

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайлар туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экология кодексіне, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексіне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Ақсу қаласы аумақтарының Ережелері (бұдан әрі – Ереже) өмір сүруге қолайлы ортаны құру және қолдау жөніндегі іс–шаралар кешенінің жүргізілуін анықтайды, негізгі талаптары абаттандыру объектісі мен элементтері жағдайының архитектуралық, санитарлық, экологиялық сипаттарына қойылады.

2. Ережелер көріктендіру, санитарлық тазалау, аумақтың тазалығын сақтау, инфрақұрылым объектілерін ұстау және қорғау саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді, Ақсу қаласы аумағындағы қалдықтардың жиналуын, шығарылуын, қайта өңделуін және іске жаратылуын анықтайды және әкімшілік жауапкершілік қарастырылған құқық бұзушылықтар үшін нормаларды белгілейді.

3. Ақсу қаласы аумағындағы абаттандыру, санитарлық ұстау, жинауды ұйымдастыру және тазалықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру мен ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган тұлғалары, қаланы абаттандыру және санитарлық ұстау жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.

2. Ережелерде қолданылатын негізгі түсініктер

4. Осы Ережелерде келесі түсініктер қолданылады:

1) уәкілетті орган – Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік орган;

2) аумақтың абаттандырылуы – адамның ыңғайлы, әрі жайлы тіршілік әрекетін және қаланың әкімшілік аумағына өмір сүруге жайлы ортаны қамтамасыз ететін жұмыстар мен элементтердің кешені;

3) су бұру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және байланыс желілері (бұдан әрі - инженерлік желілер) - тұрғындар мен кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр қуатымен, байланыс желілерімен (

кабельді, радиореле, спутник және басқа) жабдықтауға, сондай-ақ қала аумағынан жер бетіндегі суларды жинау және ағызуға арналған инженерлік қамтамасыз етудің маңызды элементтері;

4) көгалдандыру көшеттері – елді мекендер аумағының шегінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық шарттарды және абаттандыру мен сәулеттік-ландшафттық безендіру (көк шалғындар, гүлзарлар, ағаштар, талдар) деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін жоспарлы шешім элементтері;

5) жер жұмыстары – аумақтарды қазу, сеппелерді төгу, кері себу, қазаншұңқырларды қазуға байланысты жұмыстар;

6) жерді пайдаланушы – қала аумағында жерді пайдалану құқығындағы немесе жеке меншігінде жер телімі бар заңды немесе жеке тұлға;

7) үй иесі – жеке меншігінде үй құрылысы немесе оның бөлігі (бірлескен иелік) бар заңды немесе жеке тұлға;

8) бөлінген аумақ – жергілікті атқарушы орган шешіміне сәйкес объектілерді (ғимараттар, имараттар, көлік магистральдары және басқалар) орналастыру үшін жерді пайдаланушының меншігіне немесе пайдалануына берілген жер телімі;

9) пайдаға жарату сипатындағы имараттар – орындықтар, павильондар, дүңгіршектер, сауда арбалары, ағаш орындықтар, урналар, көшелердің, үйлердің және жарнамалардың тақтайшалары, пошта жәшіктері және басқалары;

10) қоғамдық орындар – демалыс аймақтары мен ортақ пайдаланымдағы объектілер (бақтар, жағажайлар, саябақтар, алаңдар, көлік аялдамалары);

11) көше – жүргінші бөлік, жаяужолдар, жасыл желек, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан аумақ;

12) автотұрақ – автомобиль көліктерін орналастыру үшін уәкілетті органмен белгіленген, бөлінген және жобалы-сметалық құжаттама негізінде ұйымдастырылған аумақ;

13) санитарлық тазалау – жинау, жою, залалсыздандыру, іске жарату және қалдықтарды көму жүйесі;

14) қатты тұрмыстық қалдықтар – тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда, пәтерлердің ағымдағы жөндеуінен қалған қалдықтарды, жергілікті жылыту кезінде жылыту құрылғыларынан қалған қалдықтарды қосқанда пайда болатын тұрмыстық қоқыс, аулала аумақтарынан және жаяужолдардан жиналатын қар, үй тұрмысының ірі заттары;

15) сұйық тұрмыстық қалдықтар – кәрізденбеген үй иеліктерінен шығатын қалдықтар;

16) қалдықтарды жинау – қалдықтарды олардың пайда болған жерінен шоғырландырылып белгіленген орындардан алу жөніндегі кәсіпорындардың қызметі;

17) қалдықтарды шығару (кетіру) – қалдықтарды белгілі орындарға

тасымалдау (қоқысты қайта тиеу пункттері, қоқысты қайта өңдеу зауыттары, полигондар) ;

18) қалдықтарды көму – зиянды заттектердің қоршаған табиғи ортаға түсуін болдырмау мақсатында бұдан әрі пайдалануға жарамайтын қалдықтарды белгілі орындарда (полигон) оқшаулау ;

19) полигон (қалдықты жинақтауға арналған алаңқай) – жергілікті атқарушы орган қаулысымен бекітілген қалдықтарды жинақтауға және көмуге арналған ортақ пайдаланылатын арнайы орын.

3. Қала аумағын жинау

5. Объектілердің, соның ішінде санитарлық - қорғаудағы аймақтар аумағын жинау және ұстау жекеменшік тұрғын үй, шаруашылық субъектілері иелерімен және құрылыс иелерімен, пайдаланушыларымен периметрі бойынша 10 метр радиуста бөлінген өздеріне қатысты аумақ шекарасы шеңберінде жүргізіледі.

6. Аумақты жинау және ұстауға келесі жұмыстар жатады:

1) жаяу жолдарды жинау, суару және құм төгу;

2) қар мен қоқысты шығару;

3) бөлінген аумақ шеңберінде суағарларды тазалау және құрғату.

7. Теміржол жолдары, көпірлер, еңістер, үймелер, өткелдер, жол ақылы өтетін жерлер иеліктен шығару аймағы шеңберінде жиналады, алайда ені шеткі рельстерден 50 метрден кем болмауы тиіс, осы құрылысты пайдаланушы теміржол ұйымдарымен және кіреберіс жол иелерімен жиналады.

8. Барлық бұзылатын немесе бөлшектелінетін құрылыстар, имараттар өзіне қатысты аумағымен 15 метр радиуста иелерімен және пайдаланушылармен қоршалуы қажет. Құрылыс бөлшектенгеннен немесе бұзылғаннан кейін құрылыс қалдықтары қоқыс жинайтын қалалық алаңқайға тасылады, ал жер телімі жерді қалпына келтіруге жатады.

9. Қаланың жүргінші бөлігі негізінен түнгі уақытта жиналады.

10. Балалардың ойын алаңдарының аумағын жинау мен тұрғын үй құрылыстары аумағынан жапырақтарды шығару қарауына тұрғын үйлер енетін кономиниум объектісін басқару органымен іске асырылады. Тұрғын үй құрылыстары, саябақтар мен бақтар аумағында жапырақтарды жағуға жол берілмейді.

11. Ортақ пайдаланымдағы жерлердегі махала ішілік аумақтарда санитарлық тазалауды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

12. Қала аумағын санитарлық тазалау бойынша абаттандыру айлықтары жыл сайын сәуір - мамыр, қыркүйек-қазан айларында жүргізіледі.

13. Барлық алаңдар мен көшелерде, бақтарды, саябақтарда, вокзалдарда, айлақтарда, базарларда, қалалық көлік аялдамаларында, әуежайларда және басқа да қоғамдық орындарда қажетті мөлшерде урналар, жүргіншілер көп жүретін көшелерде бір-бірінен 40 метр, жүргіншілер аз жерде 100 метр қашықтықта, қалалық көлік аялдамасы, сауда орындарында 2 урнадан кем емес қойылуы қажет.

4. Қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару

14. Қоқысты және қалдықтарды жинау үшін контейнерлерді орнату мамандандырылған кәсіпорындармен іске асырылады.

15. Контейнерлер орнатылатын алаңқайлардың су өтпейтін қатты жабыны және кіреберіс жолдары, 3 жағынан қоқыс жинайтын машинаның жақын келуіне ыңғайлы болуын есепке ала отырып биіктігі 1,8 метрден кем емес бітеу қоршауы болуы қажет, контейнерлер үнемі жөндемді жағдайда, қақпағы бар және сырланған болуы қажет.

16. Контейнерлерді орналастыруға арналған алаңдардың ғимарат пен құрылыстан қашықтығы 25 метрден кем емес және 100 метрден артық болмауы тиіс. Контейнерден алаңқайдың шетіне дейінгі қашықтық бір метрден кем болмауы қажет.

17. Контейнерлердің саны контейнерлерді пайдаланатын халықтың саны, қалдықтардың жиналу нормалары, олардың сақталу мерзімі есебінен анықталады.

18. Контейнерлерді ұстау және белгіленген аумақтардағы жинау алаңдары жерді пайдаланушымен, ортақ пайдаланымдағы жерлерде – қоқыс шығару бойынша мамандандырылған кәсіпорындармен жүргізіледі.

19. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және кетіру жүйесі қалдықтарды жинақтаушы-объектілер аумақтарынан олардың тұрақты шығарылуы келесі дүркінділікте қарастырылған:

1) тұрғын үй массиві – контейнерлерде қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналып қалуын болдырмайтын үй иесімен немесе пәтер иелері кооперативімен белгіленген кестеге сәйкес, бірақ үш күнде бір реттен жиі емес, ал жылы кезеңде (нөлден 15 градус жоғары) – күн сайын;

2) қоғамдық және мәдени мақсаттағы объектілер үшін – қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына екі реттен кем емес;

3) ірі қорамдағы қатты қалдықтар үшін - өтінім бойынша.

20. Қоқыс құбыры камерасын, контейнерлерді және камерадан шыққан қалдықтарды төгуге қатысты аумақтарды, сондай-ақ контейнерлерді орнатуға арналған алаңқайларды ұстау кондоминиум объектілерін басқару органымен

немесе ғимарат иесімен іске асырылады.

21. Қоқыс жәшіктерін, сауыттарын, контейнерлерді залалсыздандыру санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес мамандандырылған кәсіпорындармен іске асырылады.

22 Қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды жинау:

1) тұрғын үй, ұйым, мекеме және кәсіпорын аумақтарынан қоқысты уақтылы к е т і р у м е н ;

2) әрбір мамандандырылған машинаға қозғалыс сызбанұсқасымен м а р ш р у т т ы қ к е с т е құ р у м е н ;

3) өзгерген пайдалану шарттарына сәйкес маршруттық кестелерді түзетумен;

4) бекітілген маршруттық кестелердің міндетті түрде орындалуымен;

5) жекеменшік тұрғын үй құрылысы аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтардан аптасына екі реттен жиі болмайтын тазалаудың жоспарлы-тұрақты жүйесімен қамтамасыз етіледі.

5. Аумақтарды қыс жағдайларында жинау және ұстау

23. Қарды тазалау алғашқы қар түсісімен басталады және қалың қар басып қалмас үшін қыс маусымы аяқталғанша үзіліссіз жалғасады.

24. Автобус аялдамалары аумақтарын қоспағанда, барлық көшелер мен алаңдарда қар жауып болған соң артынан бірден белгіленген орындарға шығарылса, жаңа түскен қарды көшірлерге және үйінділерге үюге рұқсат етіледі.

25. Қар мен мұзды тазалау және шығару бірінші кезекте жолөткелдерде, магистралдық көшелер мен автобус трассаларында жүргізіледі.

26. Шатырларды қардан тазалау және ернеулердегі, шатырлар мен суағар құбырлардағы шорларды кетіру, жаяу жүргіншілермен қайғылы оқиғаларды болдырмау және жарық құрылғыларының ауадағы желілері мен жасыл желекке залал келтірмеу үшін қауіпсіздік шараларын сақтай отырып ғимарат және имарат иелерімен және пайдаланушылармен іске асырылады.

27. Шатырдан түсірілген қарды жинақтайтын жер болмаған жағдайда жедел шығарылуы қажет.

6. Көше және жол имараттарын ұстау тәртібі

28. Көшелер, жолдар және имараттар мемлекет меншігі болып табылады және ортақ пайдалануға арналған.

29. Көлік құралдарымен тасылатын, көшені ластайтын жүктер көшенің ластануы жағдайын болдырмау үшін мұқият жабылуы қажет.

7. Қала аумағындағы жол жабындарын, жаяужолдарды, көк шалғынды және қала шаруашылығының басқа элементтерін бұзумен байланысты жұмыс өндірісі

30. Қала аумағындағы жол жабындарын, жаяу жолдарды, көк шалғынды және қала шаруашылығының басқа элементтерін бұзуға байланысты жер жұмыстары немесе басқа жұмыстар уәкілетті органмен берілген жазбаша рұқсат (ордер) болған кезде жүргізіледі.

31. Қайта қалпына келтіру жұмыстарын кейінге қалдырмауды талап ететін инженерлік желілер апаты кезінде жол жабындарын ашу, көшелерді, алаңдарды және өзге де ортақ пайдаланымдағы объектілерді қазу кезінде 24 сағат ішінде жұмысты жүргізуге рұқсат қағазын (ордер) рәсімдеумен уәкілетті органдарға, жол полициясы органына, өртке қарсы қызметке, инженерлік желі иелеріне хабарлау қажет.

32. Рұқсат қағазын рәсімдеу үшін келесі құжаттар қажет:

- 1) рұқсат беруге өтінім;
- 2) инженерлік желілер мен коммуникация иелерінің сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органмен келісілген жұмыс өндірісінің жобасы;
- 3) инженерлік коммуникациялардың күзетілетін аймақ шекараларында отырғызылған жасыл желекті қоспағанда, залал келтірілген жол элементтерін, абаттандыру элементтерін қалпына келтіру жөніндегі кепілді міндеттеме;
- 4) көк шалғынмен қоса жасыл желекті алып тастауға өтініш (қажет болған жағдайда).

33. Жоғарыда көрсетілген құжаттар негізінде уәкілетті орган жұмыс жүргізуге рұқсат (ордер) береді, қажет болған жағдайда жасыл желекті алып тастауға рұқсат береді.

34. Көлік қозғалысын тежеу және тоқтатумен байланысты қала көшелерінде жұмыс жүргізу кезінде автокөлік қозғалысын жабуға сәйкес рұқсат қағазы рәсімделеді, қоғамдық көлік қозғалысы маршрутын өзгерту кезінде тұрғындарға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлануы қажет.

35. Қалалық шаруашылық объектілері және құрылыс механизмдерінің жұмыс аймақтары рұқсат қағазда көрсетілген жұмыс мерзімінің аяқталуына қарай тиісті жағдайға келтірілуі қажет.

36. Жетілдірілген жабыны бар көшелердегі, алаңдардағы жерасты имараттарын төсеу немесе қайта құру мүмкіндігіне қарай жабынды бүлдірмей жабық түрде (тесіп) жүргізілуі қажет;

Төсемнің ашық түрі махала ішінде, абаттандырылмаған көшелер мен алаңдарда, сондай-ақ жерасты имараттарын қайта жаңарту мен күрделі жөндеу

жүргізу кезінде рұқсат етіледі.

37. Жұмысты бастамас бұрын:

1) қазу аймағына қоршау, сәйкес ескеру белгілері және ақпараттық қалқандар қойылады ;

2) жаяу жүргінші қозғалысы орындарында жүргінші көпірлері құрылады және қазылған бөлігі түнгі уақытта жарықпен қамтамасыз етіледі;

3) кәріз желісінің кідіріссіз жұмысын қамтамасыз етуге шаралар қолданылады ;

4) жасыл желек бар болған жағдайда, оларды сақталуын кепілдейтін бітеу қалқандармен қоршайды ;

5) кіреберіс жолдар мен жаяу жүргінші қозғалысы жолдарын жабу қажет болған кезде айналып өту жолдары дайындалады және объектілер сәйкес белгілермен белгіленеді ;

6) жұмыстар қолданыстағы құрылыс және санитарлық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ рұқсат қағазда көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі;

7) жерасты құдықтарының қақпақтарының, суағар торлардың және арнашықтардың сақталуы бойынша шаралар қолданылады.

38. Жұмыстар аяқталғаннан кейін:

1) қазылған орындарға сығылмайтын материалдар (кұм, қиыршық тас) төгіледі ;

2) топырақты қайта себу бойынша жұмыс аяқталған соң екі тәулік ішінде бұзылған жабын мен абаттандыру элементтерін қайта қалпына келтіру шаралары қолданылады ;

3) уәкілетті орган мен жол полициясы органдарының қатысуымен бұзылған асфальтты-бетонды жабын мен абаттандыру элементтерін қалпына келтіру туралы ақт жасалады .

39. Жұмыс талаптарының бұзылуы, сапасыз қалпына келтіру немесе қалпына кетіру мерзімінің бұзылуы жағдайларында уәкілетті орган жол полициясы органдарымен бірлесе отырып, белгіленген заңнама тәртібінде жіберілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге, кәнәлі тұлғалармен келтірілген шығынды өндіріп алу жөніндегі шаралар қолдануға құқылы.

8. Жасыл желекті ұстау, қорғау және алып тастау

40. Жасыл желекті ұстау және қорғауға:

1) қоқысты жинау, шабу, қию және тырмауыштармен көк шалғынды тырнау, құрғақ жапырақтарды жинау, арамшөптерді жұлу, талдарды қию;

2) діңгектік шұңқырларымен ағаштарды құрылғымен 1,5 метрден кем емес диаметрдегі жерді қопсыту ;

- 3) жасыл желекті өсу кезеңі бойына суару;
- 4) жасыл желек қорын қалпына келтіруге қосымша ағаштар мен талдар отырғызу;
- 5) ағаштардың ұшар бастарын кесу, кепкен, сынған бұталардың өскіндерін кесу;
- 6) кәрі ағаштарды жасарту;
- 7) ауру және кеуіп қалған ағаштарды кесу (комиссия актілері бойынша);
- 8) көктемгі уақытта шұңқырларды тегістеу, жетпеген топырақты себу, күзгі-қысқы маусымда отырғызылған ағаштарды суару.

41. Жасыл желек пен инженерлік коммуникациялар бар ортақ пайдаланымдағы жерлерде:

- 1) құрылыс материалдарын, жер топырағын, отынды, көмірді және өзге де шашылатын материалдарды және жүкті жинауға;
- 2) көк шалғындарды, гүлзарларды, дiңгек шұңқырларын ластауға;
- 3) көк шалғынмен жүруге, ағаштарға, талдарға механикалық залал келтіруге;
- 4) жасыл желек өсірілген аумақты өндірістік ағындылар және өзге де лақтырындылармен ластауға;
- 5) бақша мүліктерін және жабдықтарын (орындықтар, урналар, қоршаулар, және көгал торларды) бұзуға;
- 6) атомобиль құралдарының аялдайтын жері мен тұрағын ұйымдастыруға;
- 7) от жағуға, өртке қарсы өзге де нормаларды бұзуға;
- 8) мал жаюға, топырақ, құм қазып алуға;
- 9) өз бетінше отырғызылған ағаштар пен талдарды кесуге;
- 10) жасыл желекке зиянды әсер етуге жол бермейтін жабдықпен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта қалпына келтірілген кәсіпорындарды, цехтарды, агрегаттарды және басқа объектілерді енгізуге;
- 11) өз бетінше шарбақ дуалдар орнатуға жол берілмейді.

42. Жасыл желекті сақтап қалу мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті органдардан оларды алып тастау үшін рұқсат алу қажет. Рұқсат беруге Павлодар қаласының жасыл желек қоры жөніндегі комиссияның оң қорытындысы негіз болады.

43. Жасыл желекті алып тастау туралы шешімді қабылдау кезінде мыналар есепке алынады:

- 1) жасыл желек қоры объектілерінің шаңнан қорғағыш, желден қорғағыш, газға тұрақты және фитоциттік қасиеттері;
- 2) негізгі биометриялық көрсеткіштері: өсімдіктің жасы, ұзындығы, дiңгегінің диаметрі, ұшар басының ені және қалыңдығы;
- 3) қалалық объектілердің сәндік және әсемдік безендірілуіне әсері;
- 4) олардың сауықтыру әсері.

44. Жасыл желекті алып тастауға рұқсат алған жағдайда тапсырыс беруші (өтініш беруші) жұмыс жүргізу кезінде қалалық бюджетке мыналардың өтемін ө т е й д і :

1) Өтініш иесінің өтінішімен алынып тасталынған жасыл желектің сәкес лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы бағалаған құнын;

2) қызметтің осы түрімен айналысатын ұйымдар белгілеген жаңадан отырғызылған ағаштардың және оларды бір жыл бойы – бағып-күткен құнын.

Күзетілетін инженерлік коммуникация аймағы аумағындағы жасыл желек пен мектепке дейінгі және мектеп мемлекеттік мекемелері аумағында өсіп тұрған ж а с ы л ж е л е к т е р д і қ о с п а ғ а н д а .

45. Қала аумағында адамдардың көп шоғырлануымен байланысты іс-шаралар жүргізу кезінде ұйымдастырушылармен жасыл желек объектілері, соның ішінде көк шалғындар мен гүлзарлардың сақталуына жауапты тұлға белгіленеді, ол туралы уәкілетті органдарға хабарланады.

9. Сыртқы жарықтандыру мен электр желілерін ұстау

46. Қала аумағын жарықтандыру сыртқы жарықтандыру құрылғыларымен (бұдан әрі – СЖҚ) қамтамасыз етіледі, оларға:

1) электрмен жабдықтау құрылғылары, таратушы желілер;

2) электр желілерін қорғаушы және жерге түсіруші құрылғылар;

3) б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы л а р ы ;

4) тіреуіш қазықтары, қыл арқан аспалары жатады.

47. СЖҚ ұстау және қызмет көрсетуге келесі іс-шаралар жатады:

1) СЖҚ саны мен сапа көрсеткіштері берілген параметрлерге сәйкес техникалық жөндемді күйде ұстау;

2) СЖҚ реттелетін жұмыс кестесімен қамтамасыз ету, кесте бойынша уақтылы жағылуы мен өшірілуін бақылау.

48. СЖҚ металдан жасалынған қазықтары, тіреуіштері және басқа элементтері жабынның жағдайына байланысты бояуға жатады, бірақ 3 жылда бір реттен жиі емес.

10. Инженерлік желілерді, имараттард және коммуникацияларды ұстау

49. Инженерлік желілер мен имараттар олармен байланысты абаттандыру элементтерін бұзбайтын техникалық жөндемді жағдайда болулары қажет.

Абаттандыру элементтерінің бұзылуына:

1) а й м а қ т ы с у б а с у ы ;

2) бөлінген және күзетілетін аймақтардағы антисанитария жағдайы;

3) люктардың қақпақтарының, құдықтар мен камералардың жабындарының, нөсерлік кәріздер мен арнашықтардың жөндемсіз жағдайы;

4) монтаждау, қайта көму және пайдалану ережелерінің сақталмауы салдарынан жер асты желілерінің қатты және топырақты жабынының бұзылуы.

50. Жер асты коммуникацияларын құру, күрделі жөндеу немесе қайта құру автомобиль жолдарын, алаңдарды және ортақ пайдаланылатын басқа орындарды қайта жаңғыртудан бұрын жүргізу қажет.

51. Бөлінген аймақ шегіндегі аумақты мұздан (қысқы уақытта) және қоқыстан тазарту, су жиналатын колонкаларға бару жолдары, сондай-ақ су ағар құрылғысы су жиналатын колонка иелерімен ұсталынады.

11. Тұрғын үй қоры объектілерін абаттандыру

52. Тұрғын үй қоры объектілерін абаттандыруға:

1) ғимараттарды, шаруашылық және тұрмыстық құрылыстар мен имараттарды техникалық жөндемді жағдайда ұстау;

2) сыртқы келбетінің (маңдайшаларының) қала салу және сәулет нормаларына сәйкестігі;

3) ғимарат кіреберістерінде көше шамдарының, көше (қиылыс) аты мен үйдің нөмірі көрсеткіштерінің болуы, белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес өрт гидрантының флуоресценттік көрсеткіштерінің, қоқыс жинау үшін урналардың және орындықтардың болуы;

4) көппәтерлі үйлердің кіреберіс есіктерінде пәтерлердің нөмірі көрсетілген тақтайшалардың болуы;

5) кіреберіс есіктердің жөндемді жағдайда болуы;

6) сәулет және қала салу органдарымен келісілген жобалар бойынша жасыл желек отырғызу;

7) бөлінген аймақ шегіндегі ластаушы өсімдіктерді, қысқы кезеңде мұздың жиналуын уақтылы жою;

8) балкондарды, лоджияларды, мансардтарды өртке қарсы және санитарлық қауіпсіздік нормаларына сәйкес ұстау жатады.

12. Автотұрақтарды, базарларды, жағажайларды және уақытша сауда объектілері мен қоғамдық тамақтану орындарын ұстау

53. Автотұрақтар, уақытша сауда объектілері және қоғамдық тамақтану (бұдан әрі – уақытша объектілер) мақсатты белгіленуі көрсетілген рәсімделген жер телімі бар болған жағдайда ғана ұйымдастырылады. Осы объектілердің орналасуы және қызмет көрсетуі үшін жер телімі уақытша жерді пайдалану құқығында беріледі.

54. Автотұрақтар мен уақытша объектілерді абаттандыру экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және қала құрылысы заңнамаларына сәйкес іске асырылады.

55. Уақытша объект аумақтарын абаттандыруға:

- 1) объектіден қашықтығы 25 метрден кем болмайтын қоқыс жинау үшін контейнерлер орнатуға асфальтталған және бетондалған алаңқайдың болуы;
- 2) қоғамдық және биологиялық дәретханалармен жабдықталуы;
- 3) санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы, экологиялық және қала құрылысы нормаларына сәйкес жабдықтау және ұстау;
- 4) 100 метр радиуысында білім мекемелері мен ұйымдарының болмауы.

56. Базарларды ұстау және абаттандыру келесі элементтер бар болған жағдайда іске асырылады:

- 1) нөсерлі және еріген сулардың, кәріз және су құбырларының ағымы үшін ылдиден жасалынған қатты жабын (асфальт, төсемелі тас, қиыршық тас);
- 2) бөлінген аумақты жинау, қоқыс жинағыштарды тазалау және оларды тиісті нормативтерге сәйкес ұстау;
- 3) қалалық көліктердің қозғалысын қиындатпайтын кіре берістер, және автокөліктің уақытша тұрағы үшін алаңқайлар;
- 4) 50 метрден жақын қашықтықта құрылыстың (тұрғын үй ғимараттары, емханалар, балалардың мектепке дейінгі мекемелері, мектептер) және демалыс аймағының болмауы;
- 5) ортақ пайдаланымдағы жол сызықтарында болуы мақсатында автокөлік құралдары тұрағының болмауы.

57. Жағажай және демалыс аймағының аумақтарында урналар жасыл желек сызығынан 3-5 метр және судың азайған тұсынан 10 метр қашықтықта, жағажай аумағының 50 шаршы метрі бір урнамен жабдықталған болуы қажет.

58. Жағажай аумағында дәретхана 75 адамға 1 орын есебімен, 50 метрден кем емес, және шомылу орнынан 200 метрден артық емес қашықтықта орнатылады.

59. Жағажай, жасыл желек аумағын жинау және дәретхана, демалыс аймағын залалсыздандыру олар жабылғаннан кейін құмның жоғарғы қабаты апта сайын қопсытылып, жыл сайын құм төгіліп жүргізіледі.

60. Шомылуға арналған орындарда машина жууға, киім жууға, жануарларды, иттерді, мысықтарды шомылдыруға және серуендетуге жол берілмейді.

13. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

61. Осы Ереже талаптарының бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК